

БҰЙРЫҚ № 15-1

09.09.2024 ж.

Балабақшада дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жетілдіру туралы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын орындау, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасау, олардың танымдық, шығармашылық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024–2025 оқу жылында балабақша топтарында дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жетілдіру жұмыстары ұйымдастырылсын.
2. Топтардағы келесі даму орталықтарының жұмысы қамтамасыз етілсін:
 - сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы;
 - шығармашылық орталық;
 - кітап және сөйлеуді дамыту бұрышы;
 - математика және логика орталығы;
 - зерттеу және тәжірибе жасау орталығы;
 - ұлттық тәрбие бұрышы;
 - құрылыс және конструкторлық ойындар аймағы;
 - тынығу және психологиялық жайлылық бұрышы.
3. Топ педагогтері дамытушы орталықтарды қажетті көрнекіліктермен, дидактикалық және ойын материалдарымен толықтырсын.
4. Балалардың зерттеушілік дағдыларын дамыту мақсатында зерттеу және тәжірибе жасау орталығының жұмысы жүйелі ұйымдастырылсын.
5. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұлттық тәрбие бұрышының мазмұны жаңартылып, толықтырылсын.
6. Ойын және оқу материалдарының қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі тұрақты бақылауда ұсталсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші:



А. Бергеналиева